

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімінде әскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктерді құрудың жалпы принциптері туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 наурыздағы № 4-В Заны.

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімінде әскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктерді құрудың жалпы принциптері туралы келісім ратификациялансын.

Казақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімінде әскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктерді құрудың жалпы принциптері туралы

КЕЛІСІМ (2012 жылғы 28 мамырда қүшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., № 4, 60-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйіміна (бұдан әрі - ҰҚШҰ, Ұйым) мүше мемлекеттер

Ұйымға мүше мемлекеттердің әскери-техникалық және әскери-экономикалық ынтымақтастығын жетілдіруге ұмтылысын басшылыққа ала отырып,

Ұйымға мүше мемлекеттердің қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын дамытуды және ықпалдастыруды бірлесіп қолдау үшін жағдай жасау қажеттілігін мойындей отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде аталған терминдер мынаны білдіреді:

"әскери мақсаттағы өнім" (бұдан әрі - ӘМӨ) - қару-жарақ, әскери техника, құжаттама, жұмыстар, қызметтер, зияткерлік қызметтің нәтижелері, оның ішінде оларға берілетін ерекше құқықтар (зияткерлік меншік) және әскери-техникалық саладағы ақпарат, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңнамасында, нормативтік құқықтық актілерінде ӘМӨ-ге жатқызылатын кез келген басқа өнім;

"әскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктер (бірлескен кәсіпорындар)" (бұдан әрі - Бірлестіктер) -

ӘМӘ әзірлеу, жасау, жөндеу, жаңғыру және кәдеге жарату үшін өздерінің ғылыми-техникалық, өндірістік, зияткерлік және инвестициялық әлеуеттерін біріктірген Ұйымға мүше мемлекеттердің кәсіпорындары (ұйымдары).

2-бап

Бірлестіктер мұдделі Тараптар арасында екі жақты не көп жақты шарттар негізінде құрылады.

3-бап

Құрылатын Бірлестіктердің шаруашылық қызметінің мәселелері Бірлестік тіркелген Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес құрылтай құжаттарымен айқындалады.

4-бап

Бірлестік олар шығаратын ӘМӘ-ге қатысты сыртқы сауда қызметін Тараптармен жүзеге асырады.

Оларға сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру құқығы Бірлестік заңды тұлға ретінде тіркелетін Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес беріледі.

5-бап

Ұйымға мүше мемлекеттерге ӘМӘ жеткізу 2000 жылғы 20 маусымда қол қойылған, 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімнің негізінде жүзеге асырылады.

Аталған Келісімнің ережелерін мұлтіксіз сақтау және Ұйымға мүше мемлекеттерге Бірлестік жеткізетін ӘМӘ-нің нысаналы пайдаланылуын бақылау мәселелері бойынша Бірлестік Тараптардың әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

6-бап

Бірлестік үшінші тараптарға ӘМӘ-ні жеткізуді ол заңды тұлға ретінде тіркелген Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

7-бап

Бірлестік кәсіпорындары алып өтетін ӘМӘ, сондай-ақ бір Тараптың кедендік аумағынан шығатын және басқа Тараптың кедендік аумағына әкелінетін, осы Тарапқа арналған, ӘМӘ жасауға арналған тауарлар кедендік әкелу бажынан босатылады.

Тараптардың әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі уәкілетті органдарымен келісілген ӘМӘ және ӘМӘ жасауға арналған тауарлардың тізбесі немесе әкелетін Тараптың осы органының әкелінетін ӘМӘ және/немесе ӘМӘ жасауға арналған тауарлар осы Келісімге сәйкес әкелінетіні туралы қорытындысы осындай босату үшін негіз болып табылады.

8-бап

Бірлестікке кіретін кәсіпорындардың қызметі олар занды тұлға ретінде тіркелген Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес салық салуға жатады.

9-бап

Бірлестіктер құру Бірлестікке кірген кәсіпорындардың осы Келісімге қатысуышылар болып табылмайтын мемлекеттердің кәсіпорындарымен тиісті халықаралық шарттар жағдайында жүзеге асырылатын кооперациялық байланыстарын сақтауға және дамытуға кедергі келтірмейді.

10-бап

Бірлестікке кіру, егер Бірлестіктің құрылтай құжаттарында басқаша келісілген болмаса, ұлттық заңнамаға сәйкес кәсіпорындардың сыртқы сауда қызметіне құқықтарын жоққа шыгармайды.

11-бап

Бірлестіктің қызметі барысында алынған және мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын мәліметтерді қорғау 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге және Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Тараптар 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери-экономикалық ынтымақтастық барысында алынған және пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісімге және Тараптар қатысуышылары болып табылатын халықаралық шарттар мен Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес Бірлестіктердің қызметі үдерісінде пайдаланылатын және алынған зияткерлік қызмет нәтижелерін қорғауды қамтамасыз етеді.

13-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер мұдделі Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

14-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамамен ресімделетін және осы Келісімнің 15-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті мемлекетішлік рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийге тиісті құжаттарды тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

16-бап

Осы Келісім, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданылу уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, шыққан күннен бастап алты айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Келісімнен шыға алады.

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жолдайтын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімінен Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Кыргыз Республикасы үшін

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімінде өскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктерді құрудың жалпы принциптері туралы келісімге Өзбекстан Республикасының ескертпесі

2010 жылғы 10 желтоқсан Мәскеу қаласы

"Өзбекстан үшін әскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктерді құру саласында нақты мемлекеттермен екіжақты негізде ынтымақтастық басым болып табылады".

Озбекстан Республикасының

Президенті

И. Каримов

Көшірмесі дұрыс:

ҰҚШҰ Хатшылығы

Құқықтық бөлімінің бастығы

К. Голуб

Орыс тіліндегі мәтінге сәйкес мемлекеттік тілге аударылды.

Қазақстан Республикасы

Корғаныс министрлігі

Халықаралық ынтымақтастық департаменті

бастығының орынбасары

полковник

Ә. Кулбаев

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымында әскери мақсаттағы өнімдерді шығару жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-өндірістік бірлестіктерді құрудың жалпы принциптері туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

Халықаралық құқық департаментінің

Басқарма бастығы

Д. Есентаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК